аптальқ облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

газета издается с 26.06.2004 года

№ 34/730

27 августа 2021 года

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
# С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРЫ!

Бүгінгі біздің еліміздің Ата заңы-**Конституция күнімен** барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймыз!

Конституция - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, гүлденген және қуатты Қазақстанымыздың егемендігі мен шекараларының тұтастығын сақтаушы.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жоғары жетістіктер, еңбекте табыс, рух сергектігі мен мемлекетіміздің болашағына сенімділік тілейміз!

***Құрметпен,***
**Қала әкімі С. Сатаев**
**Қалалық мәслихат хатшысы Б. Сәрсембеков**




### УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ, ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА!

От всей души поздравляем Вас с **Днем Конституции**!

Поздравляя с Днем принятия Конституции независимой страны, желаем всем вашим семьям благополучия и уюта!

Конституция - хранитель прав и свобод граждан, суверенности и целостности границ нашего цветущего Казахстана.

От всего сердца желаем крепкого здоровья и благосостояния в ваших семьях, патриотизма, высоких достижений, успехов в труде бодрости духа и уверенности в будущем нашего государства!

***С уважением,***
**Аким города С. Сатаев**
**Секретарь городского маслихата Б. Сарсембеков**

## АТА ЗАҢ – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ




***Еліміздің Ата Заңы – бұл заң қарпінде өрнектелген жалпыұлттық идея. Елбасымыз айтып өткендей, Ата заң – мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындады, жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заңды қабылдау кезінде жүргізілген референдум егеменді еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттаған бірден-бір тарихи, әлеуметтік маңызы зор құжатқа айналды.***

«Конституция» латыншадан аударғанда «құрылыс» деген ұғымды береді. Яғни, өміріміздің, тыныс-тіршілігіміздің, ел-жұрт болып бірігіп мемлекет құруымыздың айғағы. Ата Заң күні – мемлекеттік мереке. Еліміздің Ата заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Қазақстанда Ата заң тұңғыш рет 1924-жылы, одан кейін 1937, 1978, 1993, 1995-жылдары жазбаша түрде қабылданды. Ал қазіргі қолданылып жүрген конституция 1995-жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған. Оған дейін, яғни Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993-жылы 28-қаңтарда өзінің алғашқы Ата заңын қабылдаған болатын. Қазіргі күнгі Ата Заң жобасын дайындау кезінде әлемдік демократияның тәжірибелерін, қазақстандықтардың қалауын жан-жақты сараптауға, қызу және өткір талқылауға назар аударылды. Ата Заң Қазақстан Республикасын демократиялық мемлекет деп жариялайды. Оның демократиялылығы, ең алдымен, мемлекет ішінде халық басқаруын қамтамасыз етуінен көрінеді. Ата заңның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген. Бұл конституциялық норма Қазақстанның халықтық мемлекет екендігін білдіреді.

Кез-келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжаты, әрине ол – Ата Заңы. Аталған құжатта мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Ал, конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Ата Заңымыз біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Ата Заңда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ата Заңда айтылғандай, еліміздің ең басты қазынасы – адам, оның құқығы мен бостандықтары. Аталған заңнама осындай ұлан-ғайыр елімізде бірлігіміз жарасып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тату-тәтті өмір сүруіміздің кепілдігі мен айқын нышаны болып табылады. Ата заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Ата Заң қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ата Заңымызда бекітілгендей, тұлғаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары заманымызға сай идеологияға айналды. Мәселен, Ата Заңымыздың 16-бабы әркімнің жеке басының бостандығына құқын жария етті. Яғни, заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Ата Заңымыздың 17-бабында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» делінген. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Осылайша, мемлекетіміздің Ата заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге, адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен құқықтық құжат болып табылады.




Ата заңымыздың өміршеңдігі, демократиялық табиғаты туралы қазақстандықтар да, шетел азаматтары да жиі жылы лебіздер айтып, болашағымызға зор сенім білдіріп келеді.

Халықтың еркі көрініс тапқан бұл құжат өзінің нормалары мен принциптерінің көмегімен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркениетті елдердің қатарына жетелейді. Сондықтан қазіргі кезде басты міндет – жеке тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Республика Ата Заңына деген дәстүрлі құрметін дамыту. Егер біз осы міндетті орындасақ, алдыңғы қатарлы Қазақстан мемлекетінің қалыптасқаны. Ең алдымен, әркім Қазақстан Республикасының Ата Заңын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Біздің міндет – Ата Заңға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Ата Заңды сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ». Қорытындылай келе, барлық қазақстандықтариен қоса приозерскілік жерлестерді 30-тамыз – Ата Заң күнімен құттықтай отырып, қалалық «Приозерский вестник» газетінің және өз атымнан әрбір шаңыраққа шырайлы шаттық, бақ-береке, қазыналы қуаныш, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Әрқашан болашағымыз баянды, келешегіміз кемел әрі еліміз еңселі, жастарымыз көшелі болсын және қаламыз сіз бен біздің қатысуымызбен қарыштап дамып, гүлдене берсін!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**ҚР ЖО мүшесі, ақын.**

# ҚАЛАМЫЗҒА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ!

*Ауылына қарап, азаматын таны!*

**Қазіргідей әлемдік экономиканың тұрақсыз тіршілік тұсында ешбір елдің шекесі қызып отырған жоқ. Ал, кемедегінің жаны бір демекші, жаһан жұртының нарық әлеміндегі жағдайы бір-біріне әсерсіз болмайды. Ендеше, қазіргі кезеңде Үкіметтің елдің әлеуметтік әлеуетін әлсіретпей, экономикалық өсімін өрістету бағытындағы жұмыстары бұрынғыдан да еселене түспек. Мұндай сәттерде әр ел өзіне тиесілісін игеріп, тиімді шешімдермен экономикасын барынша дамытуға күш салса керек. Дағдарысқа қарсы халық үшін әзірлен-ген әлеуметтік бастамалар мерзімді әрі сапалы орындалып жатыр деуге болады.. Ең бастысы, ел көңілін шығып отыр.**

Нарық пен халықтың қас-қабағын бағып отырған экономистер осындай пікір айтты. Үкімет өлара шақта халықтың үдесінен шығудың барлық амалын қарастырған. Төленіп жатқан жәрдемақы, өтемақыдан тыс коммуналдық төлемдерді жұмсартуға көмектескенін көрдік. Бұл ретте, жұмыссыз жүрген немесе тапқан табысы жоққа жақын жұрттың жағдайы басты назарға алынады. Сонымен қатар халыққа, тұрғындарға және олардың балаларына өмір сүрулері үшін қолайлы мәдени, тұрмыстық, әлеуметтік жағдай жасау, салауатты өмір салтын қалыптастыруын назарда ұстау мәселелері де сыртта қалмауы керек. Бұл орайда да мемлекет және жергілікті билік тарапынан бірқанша жұмыстардың атқарылып, бюджеттен қомақты қаржы қарастырылып жатқанын көріп отырмыз.



Осы орайда алыстан мысал іздемей-ақ, өзіміздің өмір сүріп жатқан Приозерск қаласының аумағында абаттандыру, көгалдандыру және аумақты санитарлық-күтіп ұстауды жақсарту, атқарушы органдар коммуналдық қызметтермен, қаламыздың мүдделі кәсіпорындары және ұйымдарымен бірлесе отырып, қаладағы экологиялық жағдайды, коммуналдық қызмет көрсету инфрақұрылымын жақсарту, өмір сүруге қолайлы жағдайды жасау бойынша қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтің басшылығында ауқымды шаралар қабылданып, жасалып жатқанынан қала тұрғындарының хабары бар деп ойлаймыз. Әріге бармай-ақ, осыдан оншақты жыл бұрынғы қаламыздың жай-күйіне назар салып, еске алып көрелікші?!. Ол кездерді тұрмыс-тіршілігімізді, қаламыздың түр-әлпетін ойлаудың өзі ауыр. Енді сол кездегі жағдай мен қаламыздың бүгінгі кескін-келбетін салыстырып көріңіз де, шүкірлік етіңіз. Бұның бәрін тәптіштеп айтып отырудың қажеті бола қоймас енді. Себебі мұның бәрі осы қала тұрғындарының көз алдарында өтіп жатқан, көріп-біліп отырған дүниелер.

Менің бүгінгі айтпағым, қала тұрғындарына, ата-аналарға, ақсақалдарға, жастар мен жасөспірімдерге бағышталмақ!.. Ғаламшардағы көздің жауын алардай жауһар тектес жалғыз көл – Балқаш көлі екенін әлемдік картадан қарап біліңіз. Приозерск – осы айна көлдің қоржын түбегінде орналасқан еліміздегі (мүмкін әлемдегі) ең шырайлы, адамның өмір сүруіне қолайлы қалашық. Біз бен Сізге осы қалада тіршілік ету бұйырғанына шүкірлік етіп, қаламызды көзіміздің қарашығындай сақтау, оны таза, әдемі қалпында қорғау әрбіріміздің азаматтық һәм адамдық борышымыз екенін бір сәтке де естен шығар-майық! Бүгінге дейін және бұдан кейін де жасала беретін абаттандыру жұмыстарына қолқабыс етпесек те, оны бүлдіруге, сындыруға, бұзуға жол бермейік! Бұны айтып отырған себебім – қаланың кейбір көшелеріне орнатылған ойын алаңшалары, дене шынықтыруға арналған спорттық құрылғылардың қазіргі мүшкіл жағдайы осылай деуімізге дәлел. Атап айтқанда, Б.Момышұлы көшесіндегі № 5 үй мен «Жеңіс» көшесіндегі № 38 «А» үйдің алдына біраз жыл бұрын орнатылған спорттың мақсаттағы қондырғылар бүгінде түгелімен жарақсыз күйге түскен. Бұған адам қолының араласқаны айтпаса да түсінікті. Дайын тұрған, балалар мен тұрғындардың спортпен шұғылдануына арналған дүниелерді бұзып, бүлдіруге есі түзу, ақылы бар адамның қалай дәті барады?!. Бұл дегеніңіз, көпе-көрнеу жасалған қастандық немесе қоғам мүлкіне жаныашымастық емес пе?!. Бұндай жағымсыз және жиркеніші қылықтарға қалай төзесіздер?!.

Бұған қоса «Кисунько» көшесінің № 1 үйінің және көл жақтағы «Достық» көшесіндегі соңғы жылдары қалыпқа келтірілген үйлердің ауласына орнатылған ойын алаңшаларындағы балалар ойнайтын әртүрлі қондырғылардың көп уақыт өтпей жатып қолдан бұзғаны туралы деректі қалалық спорт бөлімінің басшысы Нұртай Стамқұлдың өз аузынан есітіп, жағамызды ұстадық. Мемлекет және қалалық бюджеттен арнайы қаржы бөлініп, балалардың игілігі үшін жасалып жатқан қамқорлықты, жақсылықты неге бағаламаймыз, неге сқтап, қорғамаймыз? «Бұндай бейбастақ әрекетті жасап жатқан кім немесе кімдер?», - деген заңды сауал туындайды. Осындай ылас әрекеттер тағы да қайталануы бек мүмкін. Сондықтан әрбір қала тұрғыны мұндайға жол бергізбеу үшін өздері күресуі, бұзақылардың іс-әрекеті туралы ішкі істер қызметіне жедел хабар беруі тиіс деп ойлаймын.

Көшелеріміздің, көл жағалауының, айналаның тазалығы – біздің қала тұрғындарының ішкі-сыртқы мәдениетінің айғағы. Бұрын да, бүгінгі таңда да қаланы тазалап, сыпыратын арнайы мекеме жылдың барлық мезгілінде жұмыс істеп тұр. Ондағы жұмысшылардың басым көпшілігі әйелдер қауымы екенін бәріміз көріп, біліп жүрміз. Олар – нәзік жанды тұлғалар, аналар! Солардың еңбегінің аса ауыр екендігін бағалап, құметтеп, көшеде жүргенде жол бойына қоқыстар, сусыннан босаған ыдыстар мен құтылар тастап кетпеуге тырысқан жөн. Мектептен қайтқан балалардың осындай әрекетке бармауын әрбір ата-ана қадағалап, үйде айтып, түсіндіріп отырса игі! Бұл мәселеге ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдері де үлес қосуы керек. Жасыратыны жоқ, үйлердің маңындағы қоқысқа арналған жәшіктердің айналасы үнемі қоқысқа батып жататынын жиі байқаймыз. Қоқысты жәшікке жеткізбей лақтырып кететін көбінесе кішкентай балалар екенін көріп жүрміз. Сондай-ақ, мен тұратын Б.Момышұлы көшесі, 9 қабатты 3-үйдің жоғарғы қабаттарында тұратын көршілеріміздің терезесінен түнге қарай қоқыс толы пакеттер лақтырылады. Бұндай мәдениетсіздікке, лас әрекетке баратындардың кімдер екенін анықтай алмаймыз, әрине. Дегенмен, ертелі-кеш ондайлардың қолға түсері, заң алдында лайықты жазасын аларына сенеміз. Бұған байланысты тұрғындар тарапынан тиісті әрекеттер жасалуда. Бұндай жағдайлар басқа көп қабатты үйлерде де кездесіп жатуы әбден мүмкін. Мұнымен де көп болып күрескеніміз, үгіт-насихат, түсінік жұмыстарын үзбей жүргізіп отырған жөн деп санаймын!



Қазіргі кезде «Жеңіс» көшесіндегі бульварда абаттандыру-көркейту жұмыстарының қызу жүріп жатқанынан қала тұрғындары хабардар. Бұл игі іс те қала тұрғындарының мәдени демалу жағдайын жақсартуға бағытталған ауқымды ісшара. Суретте көрсетілген балаларға арналған ойын алаңшасы балақайлардың ермегі, қуанышы және салауатты өмір салтын сақтауға арналған қондырғылар. Бұзақылардың бұл жерге де қол салып, бүлдіруіне жол бермеу керек. Сол маңдағы тұрғындардан қырағылықты, қамқорлықты, бақылап жүруді өтініп сұраймыз.

Қорыта келе айтарым, қаламыздың гүлдеп, жайнап, жақсара түсуіне әрбір өзін қаланың азаматы, тұрғыны, мәдениетті адам ретінде үлес қосып отырғанын қалаймыз. «Ауылына қарап, азаматын таны!», - деген даналық сөзге лайықты азамат болуға тырысайық, жерлестер!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**қала әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселері бойынша кеңесшісі.**
**Газеттің арнаулы тілшісі.**

*Рухани жаңғыру аясында*

# «ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ» ІСШАРАСЫ ӨТТІ

**Қымызмұрындық – қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан игі дәстүрінің бірі. Ертеде жер аяғы кеңіп, бие құлындап, желіге байланған тұста көптен көріспеген ағайын-туған сағынып, бірін-бірі осы «Қымызмұрындыққа» шақырысып, мәре-сәре болған. Бұл мерекеде өнерпаздар ән мен жырдан шашу шашып қана қоймай, қыздар билеп, жігіттер білек күшін сынасып, кір тасын көтеріп, арқан тартысып, қазақ күресінен, тоғыз құмалақ, асық ойындары секілді қазақ ұлттық ойындарынан жарыс өткізген. Еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін әр ауылдан жеткізілген сары қымыздың дәмін татып, бағасын берген. Дастарқанға қазақтың ұлттық тағамдары қойылған.**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы аясында «Приозерск қаласының кітапханасы» мемлекеттік мекемесінде өткен ісшараның мақсаты «Қымызмұрындық» дәстүрімен таныстыру болды. Қазақтың ұлттық құндылығы болып саналатын осында дәстүрлерімізді жас ұрпаққа насихаттай отырып, олардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыра түсудің маңызы зор. Осы орайда газетіміздің жас оқырмандарына емдік қасиетке ие бие сүтінен жасалатын өнім – саумал мен қымыз туралы аздаған түсінік бере кеткенді жөн деп білеміз.

Құлын байлап, бие сауылып оның сүті қорланып ашытылған соң екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көршіқолаң қымызмұрындыққа шақырылады, яғни алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен қымыз беріліп, ас әзірленеді. Ақсақалдар үй иесіне рақмет айтып, батасын береді. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлық, сыйластық белгісі болып табылады.



Қымыздан асқан дәм бар ма?! – деп Ақтамберді жырға қосқанындай, бие сүті А, С, В1, дәрумендеріне бай. Оның минералдық қасиеттері 12 сағатқа дейін жойылмайды. Құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Басқа сүтке қарағанда бие сүтінде кездесетін ақуыздар, майлар, көмірсутегілер өте ерекше, яғни альбуминдік (сүттің ерекше түрі) қасиетке ие. Демек, бие сүті ананың сүтімен пара-пар.

Ал, саумал туралы айтатын болсақ, биенің жаңа сауылған сүтін «саумал» дейді. Саумалдың емдік қасиеті мол. Әсіресе бірінші рет құлындаған, яғни қулық биенің сүті үлкен биелерге қарағанда әлдеқайда қуатты болады. Саумалды сауған бойда ішу керек. 100-200 грамм аз мөлшерден бастап, бір литрге дейін үш мезгіл ішуге болады. Бие басына күнінен орта есеппен 10-12 литр сүт алуға болады. Кей биелер 15-17 литрге дейін сүт береді. «Сауын саусаң бие сау, боз




қырау түспей суалмас» деген мақал осы тұста еске түседі екен. Тағы бір ерекшелігі, саумал биелерді 8 ай саууға болады. Тіпті күтімі келіскен бие жыл бойы сүт береді. Саумалды ем ретінде буын ауруларына ішсе тіпті пайдалы. Сал ауруының алдын алады және жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Демек, емізіп жүрген балаға да пайдасы зор. Саумал жүрек ауруларын, асқазан жарасын емдеуге, бауыр ауруына, иммундық жүйе жұмысының жақсаруына, туберкулез, ішек, тері ауруларына, аллергияны, қан аздықты, т.б. ауруларды емдеуде жиі қолданады.

Қымыз – жылқы терісінен тігіліп, тобылғы түтінінің ысы әбден сіңген сабада, не болмаса ағаш күбіде ашытылады. Қымыздың ашытқысы «қор» деп аталады. Дәкеге түйген қорды сабаға салып немесе оның үстіне бір шелектей жаңа сауған салқын саумалды құйып, ыдыстың сыртын жылы орап тастайды. Қор езіліп, саумалға тегіс тарағанда саумалдың дәмі қышқылданады. Сөйтіп жаңа қор жасалады.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

# АПТАЛЫҚ АҚПАРАТ

*Баспасөз қызметі хабарлайды*

**Ескіні жаңарту.** Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев тарихи нысанды жандандыру мақсатында Приозерск қаласының Космановтар көшесінде орналасқан бұрынғы "Ертегі" балалар саябағының аумағын аралап көрді. Қала әкімі "Ертегі" саябағының дизайнын оның ескі және жаңа элементтерін ұштастыра отырып әзірлеуді, саябақ аумағында тазалық жұмыстарын өткізуді және құрылыс жұмыстарына арналған орынды дайындауды тиісті мекеме



басшыларына тапсырды. "...Біз "Ертегіні" қалпына келтіреміз. Бұл қысқа мерзімде аяқталатын оңай шаруа емес, бірақ ағымдағы жылдың соңына дейін барынша көп жұмысты аяқтауға тырысамыз" - деді Сапар Сатаев.

**Көрікті мекен**. Приозерск - Балқаш көлінің жағасындағы жасыл желекті аймақ. Бірақ қолайсыз ауа райының, түрлі табиғи үдерістердің, желдің әсерінен құнарлы жеріміз эрозияға ұшырады. Қаланың көркі кетті, сәні қашты. Осы мәселені шешу мақсатында қала әкімі Сапар Сатаев ұйымдастыруымен қаламыздың орталығы болып саналатын Достық көшесі бойында суару жүйелері орнатып, көгалдандыру жұмыстары да басталыа кетті. Қазіргі таңда қарқын алған бұл бастама бұдан әрі де өз жалғасын тауып, шаһарымыздың басқа да көшелерін



қамтитын болады.

**Тазалық - денсаулық кепілі.**

Қаламыздағы сервистік қызмет көрсететін «KZ Polysytems» ЖШС қызметкерлері Достық көшесіндегі 16/3 көп қабатты тұрғын үйдің айналасында сенбілік жұмыстарын жүргізіп, ағаштарды әктеді, көшені қоқыстардан тазартты. Өз кезегінде қала тұрғындары да тазалық жұмыстарына білек сыбана кірісіп жатыр. Мәселен, Абай көшесіндегі № 15/1 үйінің тұрғындары өз еріктерімен сенбілік ұйымдастырып, аулардағы шұңқырларды тегістеу, ағаштарды әктеу сынды біркатар тазалық жұмыстарымен айналысты.

**Ойын алаңдары – қауіпсіз аймақ.** Қала әкімінің тапсырмасын орындау мақсатында «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ шаһардағы балаларға арналған ойын



алаңдарын қалпына келтіру бойынша іс – шараларды қолға алып жатыр. Қазіргі таңда қала аумағында балаларға арналған жалпы саны 33 ойын алаңдары орналасқан. Жөндеу жұмыстары басталған сәттен бері алаңқайлардағы ақаулықтар жойылып, жарамсыз бөлшектерді ауыстыру сынды жұмыстар жоспарлы түрде атқарылды. Қарқынды еңбектің нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 30 ойын алаңы толықтай жөндеуден өткізіліп, қолданысқа берілді. «Ойын алаңдары – балалар үшін қауіпсіз аймақ болуы тиіс! Сондықтан, қауіпсіз болатындай сапалы етіп жасау керек!» – дейді Сапар Сатаев.

**Шектеусіз өмір.** Қала әкімнің мүмкіндігі шектеулі азаматтар мәселелері бойынша кеңесшісі және мүгедектердің істері жөніндегі қалалық кеңестің комиссия мүшелері шектеуі жоқ әлеуметтік инфрақұ-рылымды орта құру бойынша ақпараттық – түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Атап айтсақ, Б.Момышұлы көшесіндегі №12а үйде орналасқан ЖК Г.Е.Берсигуроваға тиесілі «Кәусар» және осы көшедегі № 5 үйде орналасқан ЖК А.Е.Жуасбаеваға тиесілі «Ақ биік» дүкендері, сондай-ақ, Жеңіс гүлзарындағы № 36 үйде орналасқан «Жанетта» стоматологиясы сынды нысандар қамтылды. Тексеру барысында жұмыс тобы мүгедектерге арналған техникалық жағдайларды қамтамасыз етпеу фактілерін анықтады, олар:

-дүкендердегі пандус ҚНжЕ сәйкес келмейді;

-жоғарғы және төменгі деңгейлерінде ескерту жолақтары жоқ;

-шегі биік;

-қызметкерлерді шақыруға арналған қоңыраулар жоқ.

Жоғарыда аталған жеке кәсіпкерлерге мүмкіндігі шектеулі жандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ыңғайлы қызмет түрін ұсынуға жәрдемдесетін кеңестер жиынтығы, техникалық талаптар тізімі берілді. Алдағы уақытта комиссия мүшелері айтылған барлық ескертулердің жойылып, олқылықтардың орны толтырылуын қатаң бақылауда ұстайтын болады. Сонымен қатар, қаланың жеке кәсіпкерлеріне «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және



әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ қоғамдық бақылау шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізу үшін, үкіметтің мүмкіндіктері шектеулі адамдар мәселелері бойынша кеңесшілері және мүгедектермен жұмыс жөніндегі қалалық кеңестің комиссия мүшелері мемлекеттік мекемелер мен қалалық дүкендерді тұрақты негізде аралап жүретінін хабарлаймыз.

**«Қыстың қамын жаз ойла».** Қала әкімі Сапар Сатаев қаламызды жылумен қамта-



масыз ететін №1 қазандыққа жоспардан тыс тексеріс жүргізіп, Приозерск қаласының 2021 - 2022 жылдардағы жылыту маусымына дайындығымен танысты. "Сары-Шаған Сужылу" ЖШС басшысы Курец С.В. қазандықтағы жөндеу жұмыстарының барысы туралы баяндап, оның жылыту маусымына 80% дайын екендігін мәлімдеді. Әкім қазандықтың іске қосылуын тексеру, қазандық жабдықтары мен магистральдық жылу желілерін сығымдау бойынша жұмыстардың барысын жеделдетуді тапсырды.

**Індетті ілім жеңеді.** Екпе – елімізді қауіпті инфекциядан қорғап, қалыпты тіршілігімізге қайта оралудың бірден бір жолы. Қазіргі таңда қала тұрғындары арасында ақпараттық – түсіндірме жұмыстары күнделікті жүргізіліп, әлеуметтік желілерге медициналық қызметкерлердің екпе туралы бейне үндеулері мен сақтық шараларына байланысты нұсқаулықтары тұрақты түрде жариялануда. Ақ халатты абзал жандардың кеңестеріне құлақ түріп, карантиндік шара-



ларды қатаң сақтап, ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін екпе алайық!

**Приозерск қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

## ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

# ЖАСТАРДЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ 2.0.

**2021 жылғы 1 қыркүйекте 2.0 Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталады. Жоба өмірлік мақсаттары мен қағидаттары қоғамға қызмет етуге бағытталған талантты, болашағы зор және өршіл жастар, өз саласындағы кәсіпқойлар арасынан мемлекеттік аппарат үшін топ менеджерлердің кадрлық резервін қалыптастыруға бағытталған.**

Конкурсқа 35 жастан аспаған, жоғары білімі бар, кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар және мемлекеттік тілді орта деңгейден төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Ұлттық стандарттарға сәйкес бұл B1 деңгейі.

Резервке іріктеуге қатысуға Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, сондай-ақ Президенттік жастар кадр резервіндегі адамдар жіберілмейді.

Байқау қорытындысы бойынша 50 резервші іріктеледі.

Президенттік резервтен тағайындау мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына және «Б» корпусының басшы лауазымдарына көзделеді.

Резервте болу мерзімі 3 жылды құрайды.

Іріктеудің алғашқы кезеңдеріне: кандидаттардың құжаттарын қабылдау, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау, ситуациялық тапсырмаларды шешу кіреді.

Қатысушылардың неғұрлым кең ауқымы үшін тең жағдай жасау мақсатында бұл кезеңдер қашықтықтан жүргізіледі. Барлық ниет білдірушілер байқауға тіркеліп, өңірлерден шықпай, тіпті шетелде де алғашқы кезеңдерден өте алады. Әсіресе, бұл санитарлық шектеулерді сақтау қажеттілігі кезеңінде өзекті.

Үміткерлердің құжаттарын қабылдау ағымдағы жылғы 1-30 қыркүйек аралығында **pkrezerv.gov.kz.** мамандандырылған онлайн-платформада жүргізіледі.

Тіркелу үшін үміткерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы қажет. Оны қашықтан алуға болады, сондықтан бұл қатысушылар үшін, тіпті шетелдегі адамдар үшін де кедергі болмайды.

Тіркелу үшін тек 4 құжатты ұсыну қажет:

1)жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2)білімі туралы құжаттың көшірмесі;

3)еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

4)белгіленген орта деңгейдегі талаптарға сәйкес нәтижесі бар мемлекеттік тіл бойынша тестілеу тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат.

Мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат алу үшін кандидат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Ұлттық тестілеу орталығында (қазақ тілін меңгеру деңгейін

*(соңы 4 бет.)*

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# ОТБОР В ПРЕЗИДЕНТСКИЙ МОЛОДЕЖНЫЙ КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ 2.0.

**1 сентября 2021 года стартует отбор в Президентский молодежный кадровый резерв 2.0. Проект направлен на формирование кадрового резерва топ менеджеров для государственного аппарата из числа талантливых, перспективных и амбициозных молодых людей, профессионалов в своей сфере, чьи жизненные цели и принципы направлены на служение обществу.**

Участие в конкурсе могут принять граждане Республики Казахстан в возрасте не старше 35 лет, имеющие высшее образование, стаж работы не менее пяти лет и владеющие государственным языком не ниже среднего уровня. В соответствии с Национальными стандартами это уровень B1.

К участию в отборе в Резерв не допускаются лица, назначенные Президентом Республики Казахстан, политические служащие, административные государственные служащие корпуса «А», а также лица, находящиеся в Президентском молодежном кадровом резерве.

По итогам конкурса будут отобраны 50 резервистов.

Назначение из Президентского резерва предусматривается на политические государственные должности, административные государственные должности корпуса «А» и руководящие должности корпуса «Б».

Срок пребывания в Резерве составляет 3 года.

Первые этапы отбора включают в себя: прием документов кандидатов, оценку способности работать с текстовой и числовой информацией, решение ситуационных задач.

В целях создания равных условий для более широкого круга участников эти этапы проводятся дистанционно. Все желающие смогут зарегистрироваться на конкурс и пройти первые этапы не выезжая из регионов и даже находясь зарубежом. Особенно, это актуально в период необходимости соблюдения санитарных ограничений.

Прием документов кандидатов будет проводиться с 1 по 30 сентября т.г. на специализированной онлайн-платформе pkrezerv.gov.kz.

Для регистрации кандидатам необходимо иметь электронную цифровую подпись. Ее можно получить удаленно, поэтому это не будет преградой для участников, даже для лиц находящихся за рубежом.

Для регистрации необходимо предоставить всего 4 документа:

1)копию документа, удостоверяющего личность;

2)копию документа об образовании;

3)копию документа, подтверждающего трудовую деятельность;

4)действительный официальный сертификат установленной формы о сдаче тестирования по государственному языку с результатом, соответствующим установленным требованиям среднего уровня.

*(окончание на стр. 4)*

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

# ЖАСТАРДЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ 2.0.

*(соңы. басы 3 бет.)*

бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ) не Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының QAZAQRESMITEST(ресми-іскерлік қазақ тілін тестілеу жүйесі) қазақ тілін тестілеудің онлайн-сервисінде тестілеуден өтуі қажет.

Өтінім берген сәтте мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат болмаған жағдайда кандидатқа "ҚАЗТЕСТ" немесе QAZAQRESMITEST жүйесі бойынша тестілеуден өту үшін сілтемелер ұсынылады.

Бұл ретте кандидат тиісті сертификат алғаннан кейін іріктеуге қатысу үшін тіркеуді аяқтай алады.

Тіркеуден кейін қатысушылар мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өту уақытын брондауы, сондай-ақ ситуациялық тапсырмаларды шешу үшін бағытты таңдауы қажет.

терді бағалаудың келесі блогына жіберіледі.

Құзыреттер бойынша сұхбат кәсіби HR-менеджерлерді тарта отырып, жеке терең сұхбат түрінде өтетін болады. Сұхбат үміткерлердің ішкі уәждемесін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталған.

Баллдар жиынтығына іріктеудің алдыңғы кезеңдері бойынша ең жақсы нәтижелер көрсеткен қатысушылар Резервке іріктеу жөніндегі Сараптау комиссиясының мүшелерімен әңгімелесуге шақырылатын болады. Сараптау комиссиясының отырысы ағымдағы жылдың 3-10 желтоқсанында өтеді.

Әңгімелесу қорытындысы бойынша Сараптау комиссиясы Резервке алуға ұсынылатын ең жоғары баллмен қатысушылар қатарынан кандидаттардың тізімін қалыптастырады және кадр Резерві жөнін-




дегі Ұлттық комиссияның қарауына жібереді.

«Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» кезеңі ағымдағы жылғы 2-9 қазан аралығында өтеді.

Бұл кезең кандидаттардың күрделі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға және оның нәтижелерін верификациялауға мүмкіндік беретін тестілеудің екі жеке блогынан тұрады.

Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауды талаптарға сай келетін барлық кандидаттар өтеді. Бұл ретте сандық тестілеуді орындауға ең көп балл жинаған кандидаттардың 50%-ы жай ранжирлеу әдісімен жіберіледі. Бағалаудың екі блогынан өту қорытындысы бойынша кандидаттар верификацияға (нәтижелерді растауға) жіберіледі.

Тестілеуді тапсыру тілін кандидат өз бетінше таңдайды. Тапсырмаларға кандидат жеке кабинетте кандидат таңдаған уақытта қол жеткізе алады.

Келесі кезең – «ситуациялық тапсырмаларды шешу» ағымдағы жылғы 12-17 қазан аралығында өтеді, осы кезең шеңберінде кандидаттардың ситуациялық тапсырмалар түрінде жасалған нақты проблемаларды шешуге олардың пайымдарын бағалау арқылы кәсіби құзыреттері айқындалатын болады.

Кезең онлайн-платформада эссе жазу форматында өтеді.

Осы кезеңнің қорытындылары бойынша ең жоғары нәтижелер алған кандидаттар Резервке іріктеудің келесі кезеңіне жіберіледі.

«Құзыреттерді бағалау» кезеңі екі блоктан тұрады: ассесмент-орталық - ағымдағы жылғы 25 қазан мен 15 қараша аралығында офлайн форматта өтеді және құзыреттер бойынша сұхбат ағымдағы жылы 20-28 қарашада онлайн өтеді.

Ассесмент-орталық арқылы бағалау мінез-құлық көрсеткіштерінің жиынтығы арқылы белгілі бір мінез-құлық құзыреттіліктері (стратегиялық ойлау, белсенділік, іс-әрекетті басқару, командалық көшбасшылық, сенімділік) анықтауға бағытталған.

Ассесмент-орталықтың нәтижелері бойынша әрбір кандидатқа қысқаша есептер тұжырымдалып, олар өздерінің жеке кабинеттеріне орналастырылатын болады. Қорытындысы бойынша ең үздік нәтиже көрсеткен кандидаттар құзырет-

Конкурстың қорытынды кезеңін кадр резерві жөніндегі Ұлттық комиссия ағымдағы жылғы 13-25 желтоқсан аралығында өткізеді, ол өз отырысында Сараптау комиссиясы ұсынған ең үздік кандидаттарды қарайды. Отырыс қорытындысы бойынша комиссия кандидаттарды Президенттік резервке алу туралы шешім қабылдайды.

ПЖКР-ға өткен іріктеу құзыреттілік, мақсаттылық, адал күрес және шығармашылық марапатталған айқын көрсетті. Өз біліміңізге, кәсібилігіңізге және талантыңызға сүйене отырып, жетістікке жетуге болады.

Осылайша, 2019 жылы резервке жеке сектордың 106 өкілі, квазимемлекеттік сектордың 98 қызметкері және 96 мемлекеттік қызметші кірді.

Резервке алынған сәтте алдыңғы қатарлы шетелдік білім алғандардың 58%–ы кандидаттар, 42%-ы қазақстандық жоғары оқу орындарының түлектері болды. 6 адам ғылым докторы, 204-магистр дәрежесіне ие болды.

Іріктеу жеңімпаздарының орташа жасы 31 жасты құрады. Бұл ретте резервшілердің экономиканың түрлі салаларында айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар. Олардың көпшілігі экономиканың әртүрлі секторларын ұсынатын ірі шетелдік және трансұлттық компанияларда жұмыс істеді немесе жұмыс істеді.

Бүгінгі таңда резервшілердің 60%-ы жұмысқа орналастырылды, бұл 184 адам, оның ішінде 17-сі саяси лауазымдарды, 5-і «А» корпусының лауазымын атқарады, 2 резервші Парламент Мәжілісінің депутаттары, 1-і облыстық мәслихаттың депутаты.

Президенттік Жастар кадрлық резервіне іріктеу-бұл жаңа буынның жас және талантты кәсіпқойлары үшін ашық конкурс. Көшбасшылар қатарына кіру мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!

Президенттік резервке іріктеу бойынша толық ақпаратпен сайтта танысуға болады **pkrezerv.gov.kz**

**Президенттік Жастар кадрлық резервін қалыптастыру қағидалары Президенттің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығымен регламенттелген.**

**Приозерск қ. ІС,МжТДБ**

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# ОТБОР В ПРЕЗИДЕНТСКИЙ МОЛОДЕЖНЫЙ КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ 2.0.

*(окончание. начало на стр.3)*

Для получения сертификата о владении государственным языком кандидату необходимо пройти тестирование в Национальном центре тестирования (система оценки уровня владения казахским языком – КАЗТЕСТ) при Министерстве образования и науки Республики Казахстан либо на онлайн-сервисе тестирования казахского языка QAZAQRESMITEST (система тестирования официально-делового казахского языка) Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан.

В случае отсутствия сертификата о владении государственным языком на момент подачи заявки кандидату предлагаются ссылки для прохождения тестирования по системе «КАЗТЕСТ» либо QAZAQRESMITEST.

При этом, кандидат может завершить регистрацию для участия в отборе после получения соответствующего сертификата. После регистрации участникам необходимо забронировать время прохождения оценки способности работать с текстовой информацией, а также выбрать направление для решения ситуационных задач.

Этап «Оценка способностей работать с текстовой и числовой информацией», пройдет со 2 по 9 октября т.г.

Данный этап состоит из двух отдельных блоков тестирования, позволяющих определить способности кандидатов работать со сложной текстовой и числовой информацией, и верификации его результатов.

краткие отчеты, которые будут размещены в их личных кабинетах. По итогам к следующему блоку оценки компетенций будут направлены кандидаты, показавшие наилучшие результаты.

Интервью по компетенциям будет проходить в виде индивидуального глубинного интервью с привлечением профессиональных HR-менеджеров. Интервью направлено на выявление внутренней мотивации кандидатов и компетенций, определяющих ценностные ориентиры.

Участники, показавшие наилучшие результаты по предыдущим этапам отбора в совокупности баллов, будут приглашены на собеседование с членами Экспертной комиссии по отбору в Резерв. Заседания Экспертной комиссии пройдут 3-10 декабря т.г.

По итогам собеседования Экспертная комиссия формирует список кандидатов из числа участников с наивысшими баллами, рекомендуемых к зачислению в Резерв, и направляет на рассмотрение в Национальную комиссию по кадровому резерву.

Заключительный этап конкурса проводится Национальной комиссией по кадровому резерву с 13 по 25 декабря т.г., которая на своем заседании рассматривает наилучших кандидатов, рекомендованных Экспертной комиссией. По итогам заседания комиссия принимает решение о зачислении кандидатов в Президентский резерв.

Прошлый отбор в ПМКР наглядно показал, что компетентность, целеустрем-




Оценку способности работать с текстовой информацией проходят все кандидаты, соответствующие требованиям. При этом к выполнению числового тестирования допускаются 50% кандидатов, набравших наибольшее количество баллов, методом простого ранжирования. По итогам прохождения двух блоков оценки кандидаты допускаются к верификации (подтверждению результатов).

Язык сдачи тестирования выбирается кандидатом самостоятельно. Доступ к заданиям кандидат получает в личном кабинете в выбранное кандидатом время.

Следующий этап – «Решение ситуационных задач», пройдет с 12 по 17 октября т.г. В рамках данного этапа будут определяться профессиональные компетенции кандидатов путем оценивания их видения на решение реальных проблем, составленных в виде ситуационных задач.

Этап проходит в формате написания эссе в онлайн-платформе.

Кандидаты, набравшие наивысшие результаты по итогам данного этапа, допускаются к следующему этапу отбора в Резерв.

Этап «Оценка компетенций» состоит из двух блоков: ассессмент-центр - пройдет в офлайн формате с 25 октября по 15 ноября т.г. и интервью по компетенциям пройдет онлайн 20-28 ноября т.г.

Оценка посредством ассессмент-центра нацелена на определение определенных поведенческих компетенций (стратегическое мышление, проактивность, управление деятельностью, командное лидерство, убедительность) через набор поведенческих индикаторов.

По результатам ассессмент-центра на каждого кандидата будут сформулированы

ленность, честная борьба и креативность вознаграждаются. Что можно добиться успеха, опираясь на собственные знания, профессионализм и талант.

Так, в 2019 году в резерв вошли 106 представителей частного сектора, 98 сотрудников квазигосударственного сектора и 96 - государственных служащих.

На момент зачисления в резерв передовое зарубежное образование имели 58% кандидатов, 42% – выпускники казахстанских вузов. 6 человек имели степень доктора наук, 204 - степень магистра.

Средний возраст победителей отбора составил 31 год. При этом резервисты имеют значительный опыт работы в различных сферах экономики. Многие из них работают или работали в крупных иностранных и транснациональных компаниях, представляющих различные сектора экономики.

На сегодня трудоустроено 60% резервистов, а это 184 человека, из них 17 занимают политические должности, 5 – должности корпуса «А», 2 резервиста являются депутатами Мажилиса Парламента, 1 – депутатом областного маслихата.

Отбор в Президентский молодежный кадровый резерв — это открытый конкурс для молодых и талантливых профессионалов нового поколения.

Не упустите возможность попасть в число лидеров!

С более подробной информацией по отбору в Президентский резерв можно ознакомиться на сайте **pkrezerv.gov.kz**

**Правила формирования Президентского молодежного кадрового резерва регламентированы Указом Президента от 27 августа 2019 г. № 141.**

**ОВП,КиРЯ г.Приозерск**

Заман талабы

# ҮШТІЛДІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ

*Тілден биік асқар жоқ,*
*Тілден асқан байлық жоқ,*
*Тілден терең теңіз жоқ.*
**Ғ.Мүсірепов.**

Бүгінгі күні үштілділік тәрбие берудің мәселесі туындап отыр. Үштілділік оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күні ең басты қажеттілік. Көптілділік тұжырымдамасы ҚР-дағы білім беру дамуының негізгі стратегиялық бағыты ретінде ҚР тұңғыш президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында 2006 жылғы қазанның 23-дегі Қазақстан халқының Ассамблеясында аталып өтілді. Н.Назарбаев өз сөзінде ең кем дегенде үш тілді еркін меңгерген көптілді, көпмәдениетті тұлғаның негізгі моделін ұсынды: қазақ тілі-мемлекеттік, орыс тілі-халықаралық қатынас тілі, және ағылшын тілі – әлемдік тілдердің бірі. Егемендi елiмiздiң шапшаң дамып келе жатқан халықаралық қатынастары, халықаралық сауда – саттық нарығы да көп тіл білуді қажет етеді. Үш тілде оқыту заман талабы. Үштілділік – Қазақстан жастарының парасатты әлеуметінің даму факторы.

Педагогикалық фактор тілді оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері, интерактивті әдістер мен жаңа технологияларың, бақылау әдістерін, педагогтардың шеберлігін қазіргі заманға сай ұйымдастыруды қажет етеді. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың тұпқазығы болып табылады. Көпұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету – өте күрделі мәселе.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазір бес тіл болсын, он тіл болсын, жақсылап үйретсе, меңгеріп кетеді. Балаларды бір тілмен шектеу – дұрыс емес. Сол үшін, ең болмағанда, үштілділікті кішкентай жасынан бастап жетілдіруіміз керек. Мысалы менің тобымда: балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік, мықты болады деп ойлаймын. Балалармыздың бірнеше тіл білуі олардың танымдық көкжиегінің кеңеюіне де игі әсерін тигізеді. Шет тілін ерте жастан оқытудың маңыздылығы да сол, балалар тоғыз жасқа дейін сөйлеу шеберлігінің маманы, олардың миының тілге арнайы икемді болуы, бірақ ол есейе келе төмендей түсетіні анықталған. Сондай ақ ерте жастан балаға ағылшын тілін оқыту, баланың сурет салу, сөйлеу, таным қабілетінің ағылшын тілімен байланысты жоғарлайтыны басқа балалармен салыстырғанда дengeйінің жоғары екендігі байқалды.

Қазіргі балаларға білім алуға барлық жағдай жасалынған. Олар бүгін жақсы оқыса, көптілді меңгерсе, келешекте Қазақстанымыздың өркениетті дамуына өз үлестерін қосады, дүниежүзін шарлайды. Үш тілді емес, одан да көп тіл үйретуіміз керек. Мен бұл жерде қазақ тілін қазақтар білмесін деп отырған жоқпын. Әрине, балабақшадан бастап қазақ тілін үйретуге тиіспіз. Әрине қазақ тілін үйрету керек, ол бірінші орында болсын. Бірақ сонымен бірге, орыс тілі, ағылшын тілі балаларға үйретуге міндеттіміз. Болашақта біздің балаларымыз басқа елдің адамдарымен қарым-қатынас жасай алу үшін біз оларға кішкентай кезінен бастап өз тілін ғана меңгермей басқа да тілдерді меңгеруге мүмкіндік жасауымыз керек.

Елбасымыздың үштілділік жоспарын іске асыру мақсатында біздің балабақшаның балалардың ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру,қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баули отырып, еске сақтау, мәнерлеп оқу, әдемі сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруының мақсатына қойып отырмыз. Өз, тілдерімен қоса өзге де тілдерді бағалай білуге баулимыз.

Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Тілді үйрену - өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ойын, жан-дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу,




күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады.

Қазақ тілі – елдің қазынасы. Тіл - көңілдің бұлағы, ой - қоңырауы. Қазақ тілінің шырыны – бабалар өсиеті. Қазақтың тілі – шексіз мұхит секілді, күллі әлемді қамтыса да бояуы оңбейді, әлемдік тілдермен теңестіре қалса, нохтасын бермейтін ұлы тіл. өмір суреді, ұрпағымен мың жасайды. Әр жас тұлға тәрбиені алдымен отбасынан алады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соныілесің» деп ұлағатты ой саптау да, уыз тәрбиенің ықпалының құнын байыптап береді. Жас бөбектер кеудесін тіктемей жатып, туған тілімен сусындаса, сол тілдің арқасында елдің тарихын, шежіресін, сөз киесін түсініп, ұлттық құндылықтардың бәрін естіп, көңіліне тоқып өседі. Сондай ортада есейген тұлға, өз тілінің де, өзге тілдің де бағын аша біледі. Қазақтың тілі –тектіліктің тұғыры, ол ұлттық намыс пен рухтың қайнар көзі.

**Г.И. Исиркова,**
***«Балақай» бөбекжай» КМҚК әдіскері***

---

Тәрбие басы - тал бесік

# ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ АЛКОГОЛЬДІК ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫ, ЕСІРТКІ ӨНІМДЕРІН ҚОЛДАНУҒА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР

